



*Дәулетханова Әсия Әлімғазықызы,
ҚР Заң шығару институты Лингвистика орталығының
аға ғылыми қызметкері*

ҚАЗАҚША ЗАҢ ТІЛІНДЕГІ КЕЛЕҢСІЗДІКТЕР (ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ КОДЕКСІ МЫСАЛЫНДА)

«Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде»

Н. Назарбаев

Жұмыс барысында заң маманы болғандықтан қолданыстағы заңдар мәтіні жарияланатын базаға жүгініп жататын кездер көп болады. Сол кезде заң мәтінін оқи отырып, тіпті таң қалатын жағдайлар көптеп кездесетіндігі қынжылтады. Аударма мәселесі күн тәртібінен түспей тұрған біздің кезеңімізде, қазақша мәтіндегі келеңсіздіктер мамандарды бей-жай қалдырмауы керек. Бүгінгі мақалада соның тек бір түріне ғана тоқталуды жөн санадық.

Мәселен, бір ғана мысал ретінде ауқымды нормативтік құқықтық акті болып есептелетін, реттеу объектісі өте кең заң құжаттарының бірі Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің қазақ тіліндегі нұсқасында орын алған кемшіліктерді айтуға болады. Соның бір ғана түрін талдап қарағанда, мынаны байқауға болады, мәтіндегі сөз тіркестерінде жалғаулар артық жалғанып, бұрмаланып кеткен. Мәселен, ҚР Азаматтық кодексінің Ерекше бөліміндегі бірнеше бапқа талдама жасағанда, мынадай кемшіліктерді байқадық.

Осы кестеде беріліп отырған мәтіннің барлығында бірдей қателік жіберілген, сондықтан оның біреуін ғана егжей-тегжейлі қарастырып шығу жеткілікті болады. Мысалы, «қолданылмауға тиіс» сөз тіркесіне морфологиялық талдау жасайық. «Қолданылмауға» сөзінде бірнеше морфема бар: қол, дан, ыл, ма, у, ға. Бұлардың басын біріктіріп, ұйтқы болып тұрған – «қол» морфемасы, яғни сөз түбірі, «дан» туынды түбір, ол «қол» зат есімінен етістік жасаушы морфема «ыл, ма, у» элементтері - қосымша морфемалар (аффикстер), оның ішінде «ыл» - ырық етістіктің жалғауы, «ма» - болымсыз етістіктің жалғауы, «у» - тұйық етістік. Ал, «ға» - барыс септігінің жалғауы, ол «қолданылмау» етістігіне артық жалғанып тұр.

Теория бойынша «септік жалғаулары, негізінен, зат есім категориясына тән» [1, 38 б.] дұрысы тәуелділік жалғауының үшінші жағында тұруы тиіс еді, сонда дұрысы «қолданылуы» болады.

Нормативтік құқықтық актілердің қолданыстағы редакциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын әзірлеу барысында жаңа редакцияда ұсынылатын мәтіндерді қазақ тілінің грамматикасына сай ресімдеу қажеттілігі болып тұрса да, қабылданып кеткен қолданыстағы редакциядан ауытқи алмаймыз. Осылайша, қате үстіне қате жасала береді, сондықтан қазақ тіліндегі заң мәтіндерінің сапасы туралы сөз қозғаудың өзі артық болып қалады. Осы орайда, осы мәселені «Заң терминологиясын қалыптастыруға ықпал етуші негізгі құжаттар – мемлекеттік деңгейдегі заңдар мен нормативтік-құқықтық құжаттар мен түрлі бағыттағы құжат түрлері екендігін, қоғамдық өмірде олардың кеңінен, белсенді қолданылатындығын ескерсек, олардың қай-қайсысы да заң терминологиясын жүйелеуде басшылыққа алынатын еңбектердің қатарына жатады» [2, 81 б.] деген көзқарас тұрғысынан қарастырғанда, орыс тілінен қазақ тіліне аудару барысында, мәтіндер бірдей болсын дегеннен ауытқи аламыз ба, әлде қалай деген заңды сұрақ туындайды. Дәлме-дәл аударма күрделі заң тілінің мағынасын ашып бере ала ма? Олай деп дәл кесіп айта алмайсыз, себебі орыс және қазақ тілдерінің құрылымы мүлдем бөлек екендігін бір ғана мысалмен көрсетуге болатындығы анық екендігін кесте түрінде көрсеттік. Соған қарамастан бүгінгі күн талабы қасаң аударма.

Жалпы, заң мәтіндерін аудару барысында, оның сапасының жоғары деңгейде болуы бірнеше факторларға байланысты, атап айтқанда: уақыт, сапа, мәтіннің ұғынықтылығы, аудармашының біліктілік деңгейі.

Р/с №	Қолданыстағы редакция	Ұсынылатын редакция
1	427-бап. Тауар сапасын тексеру 1. Егер заңдарда немесе шартта тауардың сапасын тексеру көзделсе, ол соларда белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге <i>асырылуға тиіс</i>. Мемлекеттік стандарттарда, стандарттау жөніндегі өзге де нормативтік құжаттарда тауарлардың сапасын тексеруге міндетті талаптар белгіленген жағдайларда сапаны тексеру оларда келтірілген нұсқауларға сәйкес жүзеге <i>асырылуға тиіс</i>. 2. Егер осы баптың 1-тармағында белгіленген тәртіппен тауар сапасын тексеру талаптары көзделмесе, тауар сапасын тексеру іскерлік айналым дағдыларына немесе әдетте шарт бойынша берілуге тиіс тауарды тексеру жағдайларына қолданылатын өзге де талаптарға сәйкес <i>жүргізілуі тиіс</i>. 3. Егер заң актілерінде, мемлекеттік стандарттардың міндетті талаптарында, стандарттау жөніндегі өзге де нормативтік құжаттарда немесе шартта сатушының сатып алушыға беретін тауарының сапасын тексеру (сынақ өткізу, талдау, қарап шығу және т.б.) міндеті көзделген болса, сатушы сатып алушының талап етуі бойынша оған тауар сапасын тексеруді жүзеге асырғандығы жөнінде дәлелдемелерді <i>табыс етуге тиіс</i>.	427-бап. Тауар сапасын тексеру 1. Егер заңдарда немесе шартта тауардың сапасын тексеру көзделсе, ол соларда белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге <i>асырылуы тиіс</i>. Мемлекеттік стандарттарда, стандарттау жөніндегі өзге де нормативтік құжаттарда тауарлардың сапасын тексеруге міндетті талаптар белгіленген жағдайларда сапаны тексеру оларда келтірілген нұсқауларға сәйкес жүзеге <i>асырылуы тиіс</i>. 2. Егер осы баптың 1-тармағында белгіленген тәртіппен тауар сапасын тексеру талаптары көзделмесе, тауар сапасын тексеру іскерлік айналым дағдыларына немесе әдетте шарт бойынша берілуге тиіс тауарды тексеру жағдайларына қолданылатын өзге де талаптарға сәйкес <i>жүргізілуі тиіс</i>. 3. Егер заң актілерінде, мемлекеттік стандарттардың міндетті талаптарында, стандарттау жөніндегі өзге де нормативтік құжаттарда немесе шартта сатушының сатып алушыға беретін тауарының сапасын тексеру (сынақ өткізу, талдау, қарап шығу және т.б.) міндеті көзделген болса, сатушы сатып алушының талап етуі бойынша оған тауар сапасын тексеруді жүзеге асырғандығы жөнінде дәлелдемелерді <i>табыс етуі тиіс</i>.
2	434-бап. Тауарды салатын ыдыс және оны буып-түю 2. Егер шартта ыдыс пен буып-түюге талаптар белгіленбесе, тауар, осындай тауарға арналған әдеттегі әдіспен, ал бұлай болмағанда - сақтау мен тасымалдаудың әдеттегі жағдайларында осы тектес тауарлардың сақталуын қамтамасыз ететін әдіспен ыдысқа салынуға және (немесе) <i>буып-түйілуі тиіс</i>.	434-бап. Тауарды салатын ыдыс және оны буып-түю 2. Егер шартта ыдыс пен буып-түюге талаптар белгіленбесе, тауар, осындай тауарға арналған әдеттегі әдіспен, ал бұлай болмағанда - сақтау мен тасымалдаудың әдеттегі жағдайларында осы тектес тауарлардың сақталуын қамтамасыз ететін әдіспен ыдысқа салынуға және (немесе) <i>буып-түйілуі тиіс</i>.
3	441-бап. Кредитке сатылған тауарға ақы төлеу 1. Шартта сатып алушыға тауар берілген соң белгілі бір уақыттан кейін оған ақы төлеу (тауарды кредитке сату) көзделген жағдайларда сатып алушы ақыны шартта көзделген мерзімде, ал егер шартта мерзім көзделмесе, осы Кодекстің 277-бабына сәйкес белгіленген мерзімде <i>төлеуге тиіс</i>. Сатып алушы берілген тауарға ақы төлеу жөніндегі міндетін шартта белгіленген мерзімде орындамаған және осы Кодекс пен шартта өзгеше көзделмеген жағдайларда мерзімі өткізілген сомаға осы Кодекстің 353-бабына сәйкес, сатып алушы тауарға ақы төлеуге тиіс болған күннен бастап, оның тауарға ақы төлеген күніне дейін тұрақсыздық айыбы <i>төленуге тиіс</i>.	441-бап. Кредитке сатылған тауарға ақы төлеу 1. Шартта сатып алушыға тауар берілген соң белгілі бір уақыттан кейін оған ақы төлеу (тауарды кредитке сату) көзделген жағдайларда сатып алушы ақыны шартта көзделген мерзімде, ал егер шартта мерзім көзделмесе, осы Кодекстің 277-бабына сәйкес белгіленген мерзімде <i>төлеуі тиіс</i>. Сатып алушы берілген тауарға ақы төлеу жөніндегі міндетін шартта белгіленген мерзімде орындамаған және осы Кодекс пен шартта өзгеше көзделмеген жағдайларда мерзімі өткізілген сомаға осы Кодекстің 353-бабына сәйкес, сатып алушы тауарға ақы төлеуге тиіс болған күннен бастап, оның тауарға ақы төлеген күніне дейін тұрақсыздық айыбы <i>төленуі тиіс</i>.
4	48-бап. Сатып алушыға тауар туралы ақпарат беру 1. Сатушы сатуға ұсынылатын тауар туралы сатып алушыға қажетті және анық ақпарат беруге міндетті. Бұл ақпарат заң актілерінде белгіленген талаптарға және әдетте бөлшек саудада осындай ақпарат берудің мазмұны мен әдісіне қойылатын талаптарға сәйкес <i>болуға тиіс</i>.	448-бап. Сатып алушыға тауар туралы ақпарат беру 1. Сатушы сатуға ұсынылатын тауар туралы сатып алушыға қажетті және анық ақпарат беруге міндетті. Бұл ақпарат заң актілерінде белгіленген талаптарға және әдетте бөлшек саудада осындай ақпарат берудің мазмұны мен әдісіне қойылатын талаптарға сәйкес <i>болуы тиіс</i>.

5	453-бап. Тауардың бағасы және оған ақы төлеу 3. Тауарларды кредитке бөлшектеп сатып алу-сату, соның ішінде сатып алушының тауарларға төлемді бөліп-бөліп төлеу талабы қойылған шартына осы Кодекстің 441-бабы 3-тармағының екінші бөлігінде көзделген ережелер қолданылмауға тиіс.	453-бап. Тауардың бағасы және оған ақы төлеу 3. Тауарларды кредитке бөлшектеп сатып алу-сату, соның ішінде сатып алушының тауарларға төлемді бөліп-бөліп төлеу талабы қойылған шартына осы Кодекстің 441-бабы 3-тармағының екінші бөлігінде көзделген ережелер қолданылмауы тиіс.
---	---	--

Заң жобаларының мәтіндерін қазақ тіліне аудару барысында осы факторлардың барлығы дерлік сақталып жасалуда деп айтуға әлі де болса ерте. Сондықтан қазақ тіліндегі мәтіні жарым-жан заңдар қолданысқа енгізіліп жатқандығы ащы болса да шындық. Жақын арада оған қол жеткізу үшін мемлекет деңгейінде іске асырылатын, қаржылық шығынды талап ететін ауқымды шаралар қажет екендігі белгілі.

Жалпы ұсыныс ретіндегі ойымыз, биылғы жылы мемлекетіміздің тәуелсіздігіне 20 жыл толуына орай, қазақ тіліндегі барлық заң актілеріне тек қазақша нұсқадағы мәтіндерге ғана түзетулер енгізу арқылы қазақ тіліндегі заң сапасын біршама жоғары деңгейге көтеруге болатындығын да назардан тыс қалдырмайық.

Қолданылған әдебиет

1. Хасенов Ә. Тіл біліміне кіріспе. - Алматы: Рауан, 1990. – 184 бет. - Б. 38.
2. Әбдірәсілов Е. Заң терминдерін біріздендіру жұмыстарының нәтижесі // «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары аясындағы «А. Байтұрсынұлы тағылымы: тіл, терминология, әдістеме» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. - Астана, 2010.



Мақалада Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің қазақ тіліндегі нұсқасында орын алған кемшіліктер талқыға түсіп, қарастырылған. Орын алған олқылықтар қолданыстағы редакция бойынша қарастырылып, салыстырылған. Сөз тіркестеріне морфологиялық талдау жасалынған.

В статье автор анализирует пробелы Гражданского кодекса Республики Казахстан, допущенные при переводе на государственный язык. Рассматриваются и сравниваются такие варианты на примере действующей редакции Гражданского кодекса РК. Статья содержит морфологический разбор словосочетаний.

In article the author analyzes gaps of the Civil code the Republics Kazakhstan admitted while translating on a official language. Such variants on an example operating editions Civil Code are considered and compared. Article contains morphological analysis of word combinations.

Түйін сөздер: қолданыстағы редакция, терминология, морфемалар, заң жобасына өзгерістер мен толықтырулар, жүйелеу.

Ключевые слова: действующая редакция, терминология, морфемы, изменения и дополнения к законопроекту, систематизация.

Keywords: standing words, terminology, morphemes, changes and additions to the law in draft and systematization.